

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫН ТАҢУ ЖОЛДАРЫ

С.С. ЕСИМКУЛОВА*

Түйіндемe: Берілген мақала қазақтың әйгілі жазушысы, әскери қолбасшы және қоғам қайраткері Бауыржан Момышұлының тілдік тұлғасын талдауға арналған. Мақалада қазақтың мәдени элементтерін, әскери және халықтық дискурс ерекшеліктерін біріктіретін жазушы тілінің ерекшелігіне баса назар аударылады. Бауыржан Момышұлының өз ойын дәл жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар өзіміздің ұлтымызға тән салт-дәстүр мен ділді тереңірек түсініп сезінуге мүмкіндік беретін метафоралар, фразеологиялық бірліктер және экспрессивтік құралдарды қолдануына ерекше көңіл бөлінеді. Бауыржан Момышұлының жазушы ретіндегі тілі оқырманға оның дүниетанымын, философиясын, баяндаған оқиғаларын ерекше қабылдауға мүмкіндік береді. Жазушы сөзінде ерлік, отанға деген адалдық, борышқа деген адалдық, шындыққа, ақиқатқа ұмтылу қалай бейнеленгені зерттелді. Момышұлының тілдік тұлғасы оның мінезінің тереңдігі мен жан-жақтылығын аша отырып, оның шығармашылық және қоғамдық қызмеінің маңызды элементіне айналады.

Тірек Сөздер: *Тілдік Тұлға, Ерлік, Адалдық, Салт-Дәстүр, Экспрессивті – Эмоционалды Лексика*

Ways of Recognizing Language Personality of Bauyrzhan Momyshuly

Abstract: The article is devoted to the analysis of the linguistic personality of the famous Kazakh writer, military commander and public figure Bauyrzhan Momyshuly. The article focuses on the peculiarities of the writer's language, which combines Kazakh cultural elements, military and folk discourse features. Particular attention is paid to the use of metaphors, phraseological units and expressive means by Bauyrzhan Momyshuly that allow not only to convey his thoughts accurately but also to understand and feel more deeply the customs and traditions inherent in our nation. The language of Bauyrzhan Momyshuly as a writer allows the reader to perceive his worldview, philosophy, and the stories he tells in a special way. It studies how heroism, loyalty to the homeland, loyalty to duty, and the pursuit of truth and truth are reflected in the writer's speech. Momyshuly's linguistic personality reveals the depth and versatility of his character and becomes an important element of his creative and public activity.

Key Words: *Linguistic Personality, Heroism, Honesty, Tradition, Expressive-Emotional Vocabulary*

Кіріспе

Қазіргі кезеңдегі тіл білімінің ғылым ретінде дамуы антропоцентристік бағытпен байланысты және ол семантикалық зерттеулермен айқындалады. Әлемдегі ғылымдардың қарқынды дамуы тіл білімі саласына басқа да ғылымдармен өзара байланыса отырып, когнитивтік бағыттың тілдік мәселелерге өзге қырынан қарастыруға мүмкіндік береді. Когнитивтік лингвистика өзіне тән мәселелерді шешу мақсатында философия, логика, психология, мәдениеттану, жасанды интеллект сияқты басқа да салаларды біріктіріп, тіл білімі мәселелеріне жаңаша көзқараспен қарауды ұсынады.

Осыған орай, тілдің адамзаттың ой-санасымен, оның күнделікті қызметімен және мәдениетпен тығыз байланысты екендігі анықталады. Бұл тұжырым сүйенсек, адам мен тіл әрдайым бір-бірін анықтайтын өзара байланыста болып отырады.

Кез келген көркем шығарма әдебиеттану мен стилистиканың нысаны болып табылатыны белгілі. Алайда заманауи тіл білімі ғылымында көркем шығарманың объективті шындықты жеткізу әдістерін зерттей отырып, филологиялық кешенді үрдістерінің әлі де дамуы қажет екендігін көреміз. Бұл тұрғыда көркем шығарма арқылы тілдік тұлғаның көркемдік әлемін айқындайтын деңгей когнитивті лингвистика болып табылады.

Тілдік тұлғаның кеңінен тараған ғылыми теорияларының бірі – әлеуметтік лингвистика мен психолингвистика аясында жасалған ресей ғалымдарының теориясы болып таралады. Бұл теорияның ең көрнекті өкілі ретінде А.А. Леонтьев тілдік тұлғаны тілдің ана тілі ретінде және сонымен бірге тіл арқылы өзінің даралығын білдіретін және

* Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті докторанты, Қазақстан, y_symbat@mail.ru ORCID ID: 0000-0002-7380-9420

жүзеге асыратын белсенді субъект ретінде қарастырған теориясы белгілі (Леонтьев, 1965 : 64).

Аталған мәселеге қатысты ресей ғалымдарымен қатар, қазақтың тілші ғалымдары да көптеген нәтижелі жұмыстар атқарғанын айтқымыз келеді. Антропоцентристік бағыттың іргесін қалаған ғалымдардың ішінде В.Гумбольдт, И.Гердер, А.Потебня т.б. өздерінің теориялық еңбектерімен белгілі. Ал қазақ тіл білімі саласына ақын-жазушылардың тілін арнайы талдаған ғалым-зерттеушілер ретінде Р. Сыздық, Е.Жанпейісов, Г.Мұратова, Ж.Ермекова, Ш. Ниятова, Г.Имашева, т.б. өз еңбектерімен зор үлестерін қосқан. Аталған зерттеушілердің еңбектерін зерттей келе, әр адам өзінің рухани, әлеуметтік талаптарын қанағаттандыру мақсатында өзіндік ұғымдар (концепт) әлемін жасау үшін ақпараттарды тілдік арна арқылы алатынын көре аламыз. Сол себепті де жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес тілді зерттеу барысында басты назар тілдік тұлғаға аударылады. Осы зерттеулер нәтижесінде антропоцентристік парадигма бірінші орынға адамды, яғни, тілдік тұлғаны шығарады, ал тіл, өз кезегінде, адам танымын құрастырушы ретінде қарастырылады (Караулов, 2010 : 166).

Антропоцентристік бағытқа сәйкес, ұлттық тіл мен психологияны терең зерттеп, олардың ұлттық мәдени құндылықтармен байланысын қарастыра отырып, Бауыржан Момышұлының шығармаларын зерттеп, автордың тілдік тұлғасын ашу халқымыздың ұлттық болмысы мен әлемдік дүниетанымын түсінуде өте маңызды орын алады.

Бауыржан Момышұлы – қазақтың көрнекті жазушысы, Кеңес Одағының Батыры, шығармалары қазақ әдебиетінде тереңінен із қалдырған ұстаз әрі қолбасшы. Жазушының философиялық тереңдікке, ұлтжандылыққа, адамгершілік қасиеттерге толы шығармалары қазақ әдебиетінің дамуына үлкен ықпалын тигізген және оның тілі тек әңгіме құралы ғана емес, халықтың рухын, тарихи жады мен мәдениетін танытатын қуатты құрал болып табылады.

Б. Момышұлы шығармаларының тақырыптық ауқымы өте кең және бай. Ол өз шығармаларында бірнеше негізгі тақырыптарды қамтиды:

Патриотизм. Автор шығармаларының барлығында өз туған жеріне, өз халқына деген терең сүйіспеншілік жатыр және бұл жазушының негізгі мотивтерінің бірі болып тұрады. Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында өз оқырмандарын жіне келешек ұрпақты қандай қиындық болса да ерлікке, табандылыққа шақырады. Мысалы, «Москва үшін шайқас» романында автор адамдық қадір-қасиет, ұлттық мақтаныш, ерлік пен адалдық тақырыбын тереңінен ашады.

Батылдық пен абырой. Момышұлының творчествосында қай кезде болсын ержүректік, батылдық жіне отан алдында деген үлкен жауапкершілікке орын бар. Осыған орай, соғыс пен өмірдегі көптеген сынақтар адамдардың жақсы қасиеттерін қалай ашатынын көрсетеді.

Достық пен адалдық. Соғыс, Б. Момышұлы айтқандай, тек сыртқы жауға қарсы күрес қана емес, сонымен қатар, ол адамдар үшін ішкі сынақ болып табылады. Қиындықтарды жеңе отырып, батыр - жауынгерлер бір-біріне қолдау көрсетеді және бұл жалпы адамзат рухының қаншалықты мықты екендігін көрсетеді.

Қазақ халқының тағдыры. Жазушы өзінің әрбір шығармасында қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлтымыздың тәуелсіздігін, бірегейлігін және мәдени дәстүрлерді сақтау мәселелерінде көтереді. Сол себепті, Бауыржан Момышұлы тілі біздің ұлттық құндылықтарды сақтау және жеткізудің маңызды аспектілерінің біріне айналды десек те болады. Шығармаларын айшықты бейнелермен, күшті сезімдермен толтыратын тілді пайдалана отырып, ол оқырманды өз халқының, жалпы қоғамның тағдыры туралы ойландырады.

Бауыржан Момышұлының өзіндік философиясы автордың әрбір шығармасынан сезіліп тұрады. Жазушының өмірге, соғысқа, өоғамға, жалпы адамдарға деген

көзқарасы қолданатын оның тілінен айқын көрінеді. Б. Момышұлы тілді өз ойын жеткізу құралы ретінде ғана емес, оның адамгершілік мұраттарға деген өз сенімінің көрінісі десек те болады. Оның сөздері арқылы оқырман соғыс, намыс, парыз, өмір мен өлім туралы философиялық толғауларды толық сезінуге мүмкіндігі бар.

Соғыс және ерлік. Жазушы өзінің жазу тілі арқылы тек физикалық тұрғыдағы шайқасты ғана емес, сонымен қатар адамның өзімен-өзінің ішкі күресін, оның қиын шешімдермен бетпе-бет келіп, сол шешімдерді қабылдауы және оның моральдық және этикалық таңдауларын бейнелейді. Автордың тілі ерлік, жанқиярлық, ұлттық борыш идеяларына толы екендігін айқын көре аламыз.

Абырой мен адалдық. Б. Момышұлы өзі маңызды деп тапқан құндылықтарды өзінің жазу тілі арқылы үнемі қайталап отырады. Автордың шығармаларында кейіпкерлер өздерінің жеке қалаулары мен қоғамдық парызды таңдауларында өте қиын жағдайларға жиі ұшырайды және бұл тартысты оқырман Момышұлы тілі арқылы айқын көре алады.

Негізгі Бөлім

Тілдік тұлға кез келген жазушының өзіндік көзқарасын, дүниетанымын, эмоционалдық күйін білдіру үшін қолданатын дара стиль мен тілдік құралдар жүйесі. Жазушының тілдік тұлғасы оның ішкі жан дүниесін, шындықты қабылдауын және қоршаған дүниемен, тарихпен қарым-қатынасын көрсетеді.

Бауыржан Момышұлы жазушы, қоғам қайраткері ретінде адамгершілік туралы ұғымға, ұлттық намысқа, даналық пен қарапайымдылыққа толы тілдік тұлға ретінде танылды. Шығармаларында қолданатын тілі жоғары адамгершілік идеялар мен терең халықтық дәстүрлерді үйлестіруімен ерекшеленеді.

Жазушы тілінің басты ерекшеліктерінің бірі – оның қазақ болмысы және мәдениетімен ажырамас байланысы болып табылады. Ол өз шығармаларында халық мақал-мәтелдерін, нақыл сөздерін, қазақ табиғаты, ауыз әдебиеті бейнелерін өте үйлесімді түрде пайдаланады. Бұл оның шығармаларын тек әдеби ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының аса маңызды құндылықтары мен мұраттары тіл арқылы бейнеленген мәдениет ескерткіштеріне айналдырады.

Сонымен қатар, Б. Момышұлы өз шығармаларында фольклорлық элементтерді белсенді түрде пайдаланады. Оның жазу мәнері қазақтың мақал-мәтелдерімен толыға отырып, әшекейлеу элементі ретінде ғана емес, адамгершілік тағылымдарын жеткізу құралы ретінде де қызмет етеді. Бұл тілдік элементтер авторға мәтіннің мағыналық құрылымын тереңдетіп, оны мәнерлі етуге мүмкіндік береді. Б. Момышұлы өз шығармаларында қазақ халқының ұлттық болмысын айқындап, тіл арқылы ұлттық дүниетанымды көрсетуге тырысады.

Жазушының «Ұшқан ұя» повесі автобиография жанрында жазылғанымен, оның ұлттық сипаты мен прозалық деңгейі терең көркемдікке жеткен туынды болып табылады. Автордың ұғымында өз ұлтының тәрбиесін толық ала алмаған адамнан басқаларға деген бауырмалдық пен жанашырлық шықпайды, өйткені ол ұлтты сүюдің не екенін бойына сіңірмеген - дей келе, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді келер ұрпақтың бойына сіңіру үшін, ұлттық тәрбиені қалпына келтіру керектігін атап көрсетеді. Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасын өзіміздің ұлттық салт-дәстүрімізді жан-жақты насихаттайтын этнографиялық еңбек деп есептеуге толық негіз бар. Бұл шығарманың негізгі тақырыбы – адам және оның қсіп-жетілу жолдары, ал шығарма сюжеті кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы мен кеңесулері арқылы дамиды.

«Ұшқан ұядағы» ұлттық тәрбиенің терең мағыналарын шығарманың бас кейіпкері бала Бауыржанның іс-әрекеттері, оның отбасындағы орны және өскен ортасына деген қарым-қатынасы арқылы көруге болады. Шығарманың әр жолы

адалдық, мейірімділік, жомарттық, ұстамдылық, ұят пен ар-намыс, елге деген жауапкершілік туралы ойға толы.

Автор осы қасиеттерді өз кейіпкерлері арқылы көрсете отырып, шығарманың негізі ретінде әже образын қояды. Шығармадағы әже бейнесі тектілік пен кемеңгерліктің белгісі ретінде бейнеленеді. Бала Бауыржанның әжесі отбасының ғана емес, бүкіл бір ауылдың ақылшысы ретінде үлкен сүйіспеншілікпен бейнеленген. Автор әже бейнесін ерекше құрмет және махаббатпен сипаттап, оның бесік жырлары арқылы туған жердің әсем әуенін жылдар бойы жүрегінде сақтап қалғанын шынайы жеткізе білген. Жазушы өзінің өміріндегі басты тәрбие көзі ретінде ертегілер мен ескі әңгімелердің құндылығын жастарға үлгі етеді. Төмендегі мысалдардан оның айқын дәлелін көре аламыз:

- *Ойбай-ау, мына күшіктің әлден тұрып кеткені несі, - деп киіз үйден апам шығады. Әжемді мен ана деймін. - Кішкентай ғана құлыным менің, ерте тұрып кеткенің қалай? - деп апам мені қолымнан жетектеп алады. (Момышұлы, 1975 : 10)*

- *Ертексіз өскен бала - рухани мүгедек адам. (Момышұлы, 1975 : 11)*

- *Ал менің кәрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті! Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан құрап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда. (Момышұлы, 1975 : 11)*

- *Бөстекке отырып алып, басымды бауырына қысып, кәрі алқанымен арқамнан томп-томп қағып қойып:*

- *Балам менің қайда екен?*

- *Қыздарменен тауда екен.*

- *Тауда неғып жүр екен?*

- *Алма теріп жүр екен.*

- *Алмасынан кәнеки?*

- *Жаңа теріп жүр екен.*

- *Қызыл алма қолында*

- *Қыз-бозбала соңында, деуші еді-ау.*

Кейде қиястықпен қыңқылдап мазасын ала берсем, алдына алып отырып:

Жылама бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін,

Жілігінің майы жоқ

Жіпке тағып берейін.

Көк сиырдың сүтінен

Көже жасап берейін.

Оның тұзын кім татар

Жыламайтын ұл татар, - деп мәпелейтін еді. Сол кезде әдемі әнге елтіп жатып балбырап ұйықтап кетер едім. (Момышұлы, 1975 : 12)

Шығарманың келесі үзінділерінен туған-туыс бауырлар арасындағы қамқорлық пен махаббатқа толы қарым-қатынасты айқын көруге болады:

- *Міне Үбиан әпкем үлкен үйден шықты да, қазан басына бет алды. Мен оны көре сала борсаңдап, сүріне-қабына еркелей жүгірем. Әпкем аяғымды жерге тигізбей қағып алып, аспанға көтереді. (Момышұлы, 1975 : 13)*

- *Енді бірде ортанишы әпкем Әлиман мені ойнатып жүріп, үйдің ескі-құсқысынан дөңгелек қора жасады. Сол қораға еліктіріп әкеп қамап, аузын ермен бекіткені бар. Өзі көрші қыздармен кетіпті. Содан қоршаудан шыға алмай, жалғыз өзім бақыра беріппін, бақыра беріппін. Бұл «азаптан» жеңсем келіп құтқарып, «әй, жаман қыз-ай!» - деп әпкемді жазғырып, мені әлдилеп еді. Көпке дейін ортанишы әпкемді жек көріп жүрдім... (Момышұлы, 1975 : 13)*

- Әлі есімде... Әкемнің кенже інісі мені оң алақанына тік тұрғызып алып, алты қанат үйдің ортасында арлы-берлі жүріп алды. Мен болсам зәре құтым қалмай қорықсам да, тіземді бүкпей қаздырып тұра беріппін. Көкем «Қаз! қаз!» - деп өзімен-өзі. Атамның ескі түлкі тұмағына отырғызып, мені керегеге іліп қойған да сол көкем ғой. Өзі киізге жайғасып алып ұзақ уақыт әуестікпен әурелеп еді. «Ал, кәне, балапаным? Қанаттанып қашан ұшасың?..» деп қояды. Мен қыңқылдап жылай бастағанымда, «дуана келіп қалады» деп қорқытқан... Содан бастап көкемнің көзіне түспеуге тырысатынымын... (Момышұлы, 1975 : 14)

«Ұшқан ұя» шығармасында автор ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты сипаттай отырып, қазақ халқының отбасылық құндылықтарын, тәрбие жүйесін тіл арқылы өте жақсы бейнелеп береді:

- Әкемнің үйіндегі терезеден қарап, аңсап жүріп мен үлкендердің арасындағы әңгімеге қанығып отырдым. Өзіме ұнағанын ғана таңдап алып, бәрін ақылға салып тыңдадым.

Бұл жерде жазушы ұлттық тәрбиенің маңыздылығын, үлкендер сөзінің мәнін көрсету үшін қазақтың ұрпақ тәрбиесіндегі басты принциптерін еске түсіреді. Автордың тілі де қарапайым, сонымен қатар терең ойды жеткізе алатындай қуатты да.

Б. Момышұлы шығармаларында табиғатты суреттеу де ерекше орын алады. Ол адам жанын, кейіпкерлердің күйін бейнелеу немесе маңызды сәттерді суреттеу үшін табиғатты метафора ретінде жиі қолданатынын байқауға болады. Қазақ даласы, таулары, өзендері – табиғаттың осы элементтерінің барлығы жазушының сөздік қорына еніп, адамның туған жерімен тығыз байланысын бейнелейді:

- Аспанға өрши тіке өскен қарағайдың қаз таңдайлы бүршікті бұталары ақ сәукеле киген келіншектей үлпек қардың салмағынан иіліп тұр. (Москва үшін шайқас, 88-бет)

- Ол-ол ма, анау асқар таулар, етектегі еңісті шексіз дала, көгілдір аспан, түнде жымыңдаған жұлдыздар, толықсып туған ай, жасыл жайлау - бәрі-бәрі тек маған ғана елжірей қарап, мені ғана аймалап әлділейтін сияқты еді. (Момышұлы, 1975 : 11)

- Тек оқта-текте ауылдың үстін, тау бөктерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда үн-түнсіз шаруақор менің әкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боламын. Жаңбыр жауса - жас баланың көз жасындай, кімді аяйтынымды білмеймін, әлдекімге жаным ашып, жаңбыр жауса жылағым келер. (Момышұлы, 1975 : 11)

- Буда-буда бұлттар жалы желбіреп шауып бара жатқан асау айғырлар сияқты. Кейде шөгіп жатқан түйелер сияқты. Кішкентай қолдарыңды созып, сол керемет дүниеге ұшып барып, әлгі қанатты тұлпардың жалынан сипалағың келеді. (Момышұлы, 1975 : 11)

- Әр шұңқырда шеті кілегейлене қаймақтала түсіп кеткен жауынның суы қақтана қата

бастапты. (Момышұлы, 2004 : 55)

- Солтүстіктен соққан суық қара жел бет қаратар емес. Ызғары өңмеңнен өтеді. Ерегісе қасқайып қарсы тұра қалсақ, аяз инесін тырнақ астына бойлата сұғады. Момышұлы, 2004 : 86)

- Меңіреу орман ағаштары қамыға төменқарағандай, ақ сәукелесі иіліп, «сапарларың сәтті болсын!» деп қоштасқандай болып томсырайып қозғалмай тұр. (Момышұлы, 2004 : 253)

- Жарқын күлкісі жүзін жайнатып жібергендей биікте ай баяу жылжиды. Майда, мамық сыбдыр бар - бұл түнгі ұйқыдағы ағаштардың тынысындай секілді...

Өркеш-өркеш жота. Жоқ, бұл қаз тізілген түйелердің өркешіндей елестеді. (Момышұлы, 2004 : 15)

Өз шығармаларында жазушы табиғат пен қоршаған ортаны өте жанды етіп және үлкен шеберлікпен бейнелей отырып метафоралар арқылы керемет теңеу береді.

Әдеби шығармаларда қолданылған сөздер зат және құбылысты немесе олардың белгі – қасиетін, я болмаса іс – әрекетін ғана білдіріп қоймай, сонымен бірге оқырманның сезіміне әсерін тигізетіндей стильдік мәнге ие. Адамның сезіміне әсерін тигізетін сөздер тобын *экспрессивті – эмоционалды лексика* деп аталады. Сөздің экспрессивтілігі оның мәнерлі және бейнелі түрде айтылуынан көрініс табады, ал эмоционалдығы адамның белгілі бір нәрсеге, құбылысқа деген жеке көзқарасын, көңіл-күйін және сезімін білдіруінен байқалады. Бейнелі, мәнерлі сөйлеу мен сезімге әсер ету қасиеттері бір-бірімен тығыз байланысты. Эмоция әрдайым экспрессивтілікпен бірге жүреді, және ол эмоционалды мәні бар сөздер арқылы байқалады. Бұл әсіресе сүйіспеншілік, мақтаныш, жанашырлық, еркелету, таңғалу, жағымпаздық, қошамет, өшпенділік, қорқыныш, және күш көрсету сияқты адамдардың жағымды немесе жағымсыз қасиеттерін білдіруде жиі кездеседі (Қалиев, 2206 : 173).

Б. Момышұлы тек оқиғаны суреттеу үшін ғана емес, сонымен қатар өз кейіпкерлерінің терең толғауын жеткізу үшін де тілді асқан шеберлікпен қолданады. Оның оқиғаны баяндау тілі отаншылдық, мақтаныш, батылдық, сондай-ақ қорқыныш, азап пен жоғалту сезімдерін жеткізетін жарқын теңеулер, эпитеттер мен қуатты бейнелерге толы. «Москва үшін шайқас» романындағы *«Сіз де аш бөрінің біреуіне ұқсайсыз ғой, - деп қарқ-қарқ күлді де ... Қаға білсең киіз қазық та жерге кіреді» дейтін емес пе еді, жолдас генерал, - дедім мен»* деген генерал мен автордың арасындағы әңгімеден олардың шынайы көңіл-күйлері мен арасындағы достық пен жақындықты білуге болады. Сонымен қатар, автордың тілі қазақтың мақал-мәтелдеріне бай екендігін және де керекті жерде өте орынды және тиімді қолданысын көре аламыз.

Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» романында экспрессивті-эмоционалды лексика кеңінен қолданылған. Лексиканың бұл түрі кейіпкерлердің эмоционалды жай-күйін суреттей отырып, олардың бейнесін одан тереңірек әрі айқын етіп ашуға үлкен үлесін тигізеді. Атап айтсақ, төмендегі мысалдар жазушының бұл тәсілді үлкен шеберлікпен қолданғанын көрсетеді:

- Айналайын тәңірім. Сен маған көмескі нұр беріңсің, суық сәуле сыйлапсың. (Момышұлы, 1975 : 47).

- Ана! Апатай! - деп әлдене айтпақ еді, әкем зекіріп тастады. (Момышұлы, 1975 : 93).

- Япырау, заман не боп барады (Момышұлы, 1975 : 82).

- О не дегенің, Серкеш! Өз адамдарың емес пе? - деп шошып кетті әжем. (Момышұлы, 1975 : 83).

- Момынтай-ау, оның не, кешірім сұрай ғой, жасы үлкен нағашың ғой, - деп араға әжем түседі ((Момышұлы, 1975 : 83 - бет).

- Апатай! Айналайын апажан! Аяңызшы! Өлдім-ау, - дейді үні әлсіреп (Момышұлы, 1975 : 90).

Жоғарыда берілген мысалдарға қарай отырып, біз жазушының экспрессивті-эмоционалды лексиканы қолдана отырып өз кейіпкерлерінің бейнесін, олардың көңіл-күйлерін әсерлі түрде аша түскенін байқаймыз.

Б. Момышұлы тілінің ерекшелендіретін басты қыры – оның адамгершілік-философиялық ойларды диалог, монолог, образдар арқылы өте әсерлі және тиімді түрде жеткізе білуінде. Автор тілі философиялық рухпен сусындаған, онда парыз, ар-намыс, отаншылдық, жанқиярлық сияқты категориялар өмірлік рөл атқарады. «Ұшқан ұя» шығармасында жазушының тілінен моральдық ойлар, философиялық пікірлер кеңінен

көрініс табады. Мысалы, автор ұшқан құстың өз ұясына оралуы туралы ойды айта отырып, кез келген адам баласының туған жерге деген махаббаты мен өмірінің маңыздылығын тіл арқылы жеткізеді:

«Ұядан ұшқан балапанның қайта ұяға оралуы — оның туған жеріне деген сүйіспеншілігінің белгісі.» Бұл теңеуде туған жерге деген махаббат, ол жерге қайта оралуды қалауы адам өмірінің мәні болып табылады. Автор осындай қарапайым сөздер арқылы терең философиялық идеяны білдіреді.

Б. Момышұлының тілдік шеберлігін кейіпкерлердің бейнесін көркем әрі асқан шеберлікпен мүсіндеу барысында олардың болмысын барынша жан — жақты әрі шынайы және толыққанды етіп суреттеу мақсатында түрлі көркемдік әдеби амал — тәсілдерді тиімді әрі әсерлі түрде пайдалануынан көре аламыз. Атап айтар болсақ, автор портреттік тәсілді, мінездеу немесе кейіпкер тілін даралау жолдары арқылы сол кейіпкерлерді өте қызықты етіп сомдайды. Мысалы, жазушының «Ұшқан ұя» романында өз ауылдарына алғаш келін боп түскен Зәпира атты жас келіншектің бейнесін:

*- Зәпира келбетті келген жан еді. Талдырмаш сұңғақ бойына әркім-ақ сұқтана қарайтын. Оның атжақты жүзі, қыр мұрыны, үлбіреген беті шығыстың сұлуларын елестететін. Жайнаған мөлдір көзі, қарлығааштың қанатындай қияқ қасы, шоқтай қызыл қалыңдау ерні өзгеше бір сұлулықтың нышанын аңғартып тұрушы еді.»*деп *«жайнаған мөлдір көзі, қарлығааштың қанатындай қияқ қасы, шоқтай қызыл қалыңдау ерні -* деген эпитет-теңеулер арқылы көз алдыға бірден талдырмаш, нәзік, қиғаш қасты, қызыл ерінді әдемі келіншектің сұлу келбетін әкелетіндей асқан шеберлікпен берген.

Автор тілінің күрделілігі мен сан қырлылығына қарамастан, әрқашан айқындық пен қарапайымдылыққа ұмтылады. Оның тілі күрделі конструкциялар мен шектен шыққан өрнектерге толы емес. Ол оқырманға өз шығармаларын оңай қабылдауға және сонымен бірге оларды терең түсінуге мүмкіндік беретін қысқалық пен туралықты жақсы көреді.

Б. Момышұлының тілі қазақ мәдениетінің ерекшелігін көрсетіп қана қоймай, жалпы адамзаттық құндылықтарды жеткізуге мүмкіндік береді. Оның шығармаларында намыс, адалдық, бостандық және адам құқығы үшін күрес идеялары сіңгенін біз анық байқай аламыз. Бұл тіл қазақ оқырманына ғана емес, өзге ұлт өкілдеріне де түсінікті, жақын.

Бауыржан Момышұлы өмір сүріп, қызмет еткен тарихи жағдай оның тілдік тұлғасының қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Ұлы Отан соғысының қатысушысы, сондай-ақ қиын сынақтардан сүрінбей өткен тұлға ретінде ол оқырмандарына өткенді еске алудың маңыздылығын, өмірдің, жеңістің қадірін жеткізуге тырысты.

Соғыс өзінің сұмдығымен және қаһармандығымен Момышұлы шығармашылығында маңызды мотивке айналды. Шығармаларының тілі әскери терминдермен қатар, ерлікті, қаһармандық пен жанқиярлықты дәріптейтін өрнектерге толы. Дегенмен, ол әскери тақырыппен қатар соғыс, өмір мен өлім, патриотизм туралы философиялық толғауларды жиі қозғайды. Сұрапыл соғыс кезіндегі атмосфера мен сол жердегі кейіпкерлердің шынайы бет-бейнесін оқырман толығымен сезіне алатындай шеберлікпен суреттеген:

- Көптен бері жуылмаған беттері тотыққан, тозаңданған, кірпіктері кіртіген, ұйқы көрмеген, көздерінің жиектері қызарған, еріндері кезерген, сақал-мұрттары түксие өсіп, иықтарына винтовка асынған жасауынгерлер сап тартып, салтанатпен кере басып жүріп келеді. (Москва үшін шайқас, 5-бет)

- Қаптап келіп қалған жасау қарқынын оқпен басып, тыныс алғандай болдық... Орнымнан атып тұрып бесатарымды көтере «За мной!» деп айқайлап жасауға қарсы тұра жүгірдім. (Момышұлы, 2004 : 114)

- Келесі күні таңертең жаудың бомбардировщиктер полкы осы пункттерге бес рет айнала ұшып келіп бомбалап, артиллериямен жиырма минуттай оқ атқылағаннан соң, кенеттен жау алпыс танкпен шабуыл жасайды. (Момышұлы, 2004 : 36)

- Жау да жанталасуда. Оның қатал құрсауы Москва төңірегін тарылтып, қусыра түсуде. (Момышұлы, 2004 : 254)

Берілген мысалдардан көріп тұрғанымыздай, жазушының, кейіпкерлер бейнесінде, олардың көңіл-кйлерін және отабиғатты да асқан шеберлікпен бейнелейді.

Бауыржан Момышұлының тілі ұрпақтар арасындағы өзіндік көпір қызметін атқарады. Ол халықтың тарихи жадын, азаттық пен тәуелсіздік үшін күресін жеткізеді. Момышұлының шығармалары тек соғыс оқиғаларын баяндап қана қоймайды, сонымен бірге адамның соғыс жағдайында басынан өткерген рухани-адамгершілік құндылықтары туралы сұрақтарды көтереді.

Енді Бауыржан Момышұлының шығармаларына жүгінсек, оның қолданған тілі бұрынғыдан да өзекті бола түседі. Жаһандану мен үдемелі өзгерістер жағдайында ұлттық бірегейлік пен тіл арқылы мәдени құндылықтарды сақтаудың маңыздылығы ерекше айқындала түсуде.

Момышұлы шығармалары 20 ғасырдың ортасында жазылғанымен, бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпайды. Жазушының тілі қай ұрпақ үшін қашанда маңызды болатын жалпыадамзаттық құндылықтарды білдіреді: ерлік, намыс, Отанға деген сүйіспеншілік, шындық үшін күрес.

Қорытынды

Бауыржан Момышұлының тілдік тұлғасы маңызды зерттеу нысаны болып қана емес, сонымен қатар, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің қырларын жан-жақты танудың кілті болып табылады. Оның ұлтжандылыққа, философиялық толғауларға толы халықтық тамырлармен тереңінен сусындаған тілі қазіргі ұрпаққа өзінің оң ықпалын тигізуде. Момышұлы тілі – тек жай баяндау құралы ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының ұлттық болмысын, рухани тереңдігін танытатын құрал.

Бауыржан Момышұлының тілдік ерекшелігі қарапайымдылық пен тереңдікті, дәлдік пен сезімдік байлықты ұштастыра білуінде. Оның жазу және баяндау стилі оқырманға оқиғаларды түсінумен қатар сол кездегі атмосфераны сезінуге, әлемді оның кейіпкерлерінің көзімен көруге көмектеседі. Момышұлы тілінің тағы бір атап айтарлықтай ерекшелігі оның ұлттық болмысты, адам басынан кешкен оқиғаларды жеткізуі, философиялық-адамгершілік тақырыптарды ашуы жазушының шынайы рухы мен болмысын толықтай көруге мүмкіндік береді. Оның жанды да мәнерлі тілге толы шығармалары кез келген ұрпақ үшін өзекті әрі терең болып қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Алексей, Леонтьев (1965), Слово о речевой деятельности. Некоторые проблемы общей теории речевой деятельности. – М.: Наука

Георгий Богин, Модель языковой личности в ее отношении к разновидностям текстов: автореф. док. филол. наук: 10.02.19. – Л., 1984. – 31 с.

Караулов, Ю. Н. Русский язык и языковая личность. – М., 2010.

Рабиға, Сыздық, (2001), Қазақ сөзінің әсемдік құдіретін жоғалтпалық // Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет (Профессор Ш. Сарыбаевтың 75 жылдығына арн. ғылыми-теор. конф. матер.). – А.,

Юрий Караулов, (1989), Русская языковая личность и задачи ее изучения // Язык и личность. – М.

Бауыржан, Момышұлы (2004), Екі томдық шығармалар жинағы – Т. 2 – Алматы, Жазушы

Бауыржан, Момышұлы (1975), Ұшқан ұя - Алматы, Жазушы

Ғабдолла, Қалиев (2006), Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы
[Мәтін] :оқулық. Алматы : Сөздік-Словарь. ISBN 9965-822-00-X

